

"Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын-жайларды жалға беру және оны пайдалану үшін төлемақы алу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 3-1-516қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 7 қарашадағы N 17-1277қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 3 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 552 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы негізінде, "Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде салынған тұрғын үйлерді сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 711 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жалға беру және пайдаланғаны үшін өтемақы алу" Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 3-1-516қ (Астана қаласының Әділет департаментінде 2002 жылғы 11 сәуірде N 186 тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тараудың 5-тармағы және 6-тараудың 19-тармағы алынып тасталсын;
6-тараудың 17-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалану үшін ақыға уәкілетті орган белгілеген жалға беру ақысы, сондай-ақ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның шығындары кіреді."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары

